



Maghan zhuldizi

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 28 (827) 11 шілде 2024 жыл

f www.facebook.com/Maghan_zhuldizi vk.com/Maghan_zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

«TURKTIME!»: ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Сондай-ақ аталған басқосу түркі елдерінің игілігін көздейтініне, дамудың тың бағыттарын айқындайтынына және бауырластық байланысты нығайтып, өңірдегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал ететініне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымының қазіргі төрағасы ретінде оның қызметі барынша тиімді болғанын қалайды.

– Ұйымның халықаралық мәртебесін арттыруға күш саламыз. Бұл ретте, «TURKTIME!» ұраны аясында ықпалдастықты кеңейтуді жалғастырамыз. Бұған дейін 40-қа жуық іс-шара өткіздік. Елдеріміз арасындағы байланыстың жаңа тетіктері пайда болды. Бұл – әлеуметтік саясат, құқық қорғау, білім, технология, инновация және өнеркәсіп сияқты салалар. Сондай-ақ Астанада қыркүйек айында 5-ші Дүниежүзілік көшпелілер ойындары өтеді. Бұл – түркі мәдениетін кеңінен дәріптейтін маңызды іс-шара. Осы сәтті пайдаланып, бауырлас елдердің спортшыларын дүбірлі додаға қатысуға шақырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету еліміздің сыртқы саясатындағы негізгі басымдықтың бірі екеніне тоқталып, түркі халықтарының әрдайым ынтымаққа болуы керек екенін айтты.

– Біздің күш-қуатымыз – бірлікте. Жалпы, кез келген қақтығыс пен қайшылықты шешудің жалғыз жолы бар. Ол – сындарлы диалог. Осы орайда төрағалығымыздың аясында «Медиаация» ерекше мән беріп отырымыз. Мен Әзербайжан мен Армения елдері арасындағы бейбітшілік орнатуға бағытталған оң үрдісті ерекше атап өткім келеді. Біз татулыққа бастайтын қадамдарды барынша құлтаймыз. Баку мен Ереван арасында бейбіт келіссөздер жүргізу үшін өз алаңымызды ұсынуға әрдайым дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент қазір дүниежүзіде саяси және экономикалық өзгерістер болып жатқанына, соның салдарынан мызғымастай көрінген жаһандық қауіпсіздік жүйесі сыр бере бастағанына назар аударды. Осыған орай Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі нығайту қажет екенін айттып, Ұйымның алдағы жұмысы және оның басым бағыттары туралы пікірін ортаға салды.

– Түркі ұйымы елдерімен, сондай-ақ басқа да мемлекеттермен сауда және тасымал келемін арттыру қажет. Бұл ретте Транскаспий халықаралық көлік бағдарының әлеуетін толық пайдаланған жөн. Бүгінде бұл бағыт бойынша контейнерлік тасы-

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысты. Сөзінің кіріспесінде Мемлекет басшысы саммиттің «Көлік, коммуникация және климаттық өзгерістерді бақылау арқылы баянды болашақ құру» атты тақырыбы барлық елдің мүддесіне сай келетінін атап өтті.



малдау көлемі күрт артты. Көрсеткіш өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда екі есе өскен. Біз тасымалдың уақытын азайту үшін «Digital Trade Corridor» мультимодальды цифрлық платформасын құрдық. Осы бағытта Әзербайжанмен тығыз жұмыс істеп жатырмыз. Бүгінде екіжақты теміржол өкімшіліктерінің интеграциясы аяқталды. Осының арқасында былтыр орта дәлізбен жүк тасымалдау көлемі 65 пайызға көбейді. Яғни 3 миллион тоннаға жуықтады. Ақтау портындағы хаб контейнерлік тасымалдау көлемін 300 мыңға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Порт Каспий жағалауындағы елдерге және Орталық Азия мемлекеттеріне қызмет көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев түркі мемлекеттерінің экономикасын дамыту мүмкіндіктеріне тоқталды.

– Экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін қаржы саласындағы байланысты нығайта түсу керек. Осы ретте Түркі орталық банкінің кеңесін құру қажет. Мен, сондай-ақ Жалпытүркі патент ұйымын құруды ұсынамын. Биыл Түркі инвестициялық қоры Басқарушылар кеңесінің ұлықтау рәсімі өтті. Оның

қызметі экономика және қаржы-инвестиция саласын дамытуға оң әсер етеді деп сенемін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы коммуникация саласын келесі маңызды бағыт ретінде атады.

– Бүгінде Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық кабель тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жоба елдеріміз арасындағы байланыстың сапалы болуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсіміне жағдай жасайды. Жасанды интеллект және спутник жүйесі сияқты озық технологияның әлеуеті де зор. Біз жасанды интеллект саласы кадрларын даярлау мәселесіне баса мән береміз. Осы ретте арнайы мектептер желісін құруды көздеп отырымыз. Ол өлемдегі озық компаниялардың платформасына негізделетін болады. Біз Орталық Азияда IT-стартаптармен айналысатын «Astana Hub» технопаркін құрдық. Баршаңызды осы хабтың әлеуетін пайдалануға шақырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент елдеріміз үшін төл өркениетіміз бен ана тілімізді сақтау мәселесі айрықша маңызды екенін атап

өтіп, жасанды интеллекттің көмегімен «Үлкен тілдік түркі моделін» әзірлеуді ұсынды.

Мемлекет басшысының айтуынша, климаттық өзгерістерді бақылаудың мәні зор.

– Сарапшылар өлемдегі орташа температура 1,5 цельсий градустан көтерілуі мүмкін дейді. Оның ықтималдығы 80 пайыздан асты. Яғни климатқа қатысты күрделі ахуал қалыптасып отыр. Жер шарының әр түкпірінде болып жатқан аптап ыстық, орман өрті, қуандылық пен су тасқыны – осының айқын дәлелі. Біз түркі өлемімен бірлесіп, климат мәселесі бойынша ынтымақтастықты күшейтуге дайынбыз. Осы ретте биыл Әзербайжанда өтетін COP29 климат конференциясының жұмысына белсене қатысуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан климаттың өзгеруіне қатысты міндеттемелерге жауапкершілікпен қарайды. Біз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Өңірлік климат саммитін өткіземіз. Саммиттің жұмысына түркі бауырларымыз белсенді қатысады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Каспий және Арал теңіздеріндегі экологиялық мәселелерді шешу үшін бірлескен күш-жігер қажет екеніне назар аударды.

Каспий теңізінің логистикалық әлеуетін арттыру маңызды дедік. Бірақ ондағы экология мәселелерін де назардан тыс қалдырмау қажет. Мысалы, өзекті түйткілдің бірі – теңіздің тартылуы. Оның қоршаған ортасын, флорасы мен фаунасын қорғау да – аса маңызды міндет. Каспийді құтқару үшін нақты шешімдерді пайсықтау керек. Осы ретте түркі елдері ғалымдарының ықпалдастығын жандандыратын көз келді. Сонымен қатар Арал теңізінің құрғап, шөлге айналуы – алаңдатарлық мәселе. Экологиялық апатқа ұшыраған аймақты оңалту керек. Бұған қоса, трансшекаралық өзгерістерді су қорын тиімді пайдалану қажет. Ол үшін су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану керек, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, бүгінгі басқосудың маңызды мәселелерді жан-жақты талқылауға мүмкіндік бергенін атап өтіп, осындай кездесулер түркі өлемінің халықаралық деңгейдегі беделін арттыруға және бауырластық байланыстарды нығайтуға зор үлес қосатынын айтты.

Саммит қорытындысы бойынша Қарабақ декларациясы қабылданды. Сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымы Хатшылығын нығайту туралы мемлекеттер басшыларының шешіміне қол қойылды.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Қызметкерлер жыл сайынғы еңбек демалысына және әлеуметтік демалысқа шығуға құқылы. Еңбек демалысы жұмыс істейтін азаматтардың барлығына беріледі, ал әлеуметтік демалыс тек заңда қарастырылған жағдайларда ғана ұсынылады. Демалыс беру, оны кейінге қалдыру және жұмыскерді демалыстан шақыртып алу жұмыс берушінің бұйрығымен бекітіледі. Десе де қызметкерді еңбек демалысынан кері жұмысқа шақырып алу үшін ол жазбаша түрде келісім беруге керек.

ЖҰМЫС БЕРУШІ ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНАН ШАҚЫРЫП АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ МА?

Еңбек демалысы кезіндегі осы мәселені тәртібі ҚР Еңбек Кодексінің 95-бабына сәйкес жүргізіледі.

Егер жұмыс беруші еңбек демалысынан кері шақыртып алған жағдайда жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігін еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша сол жұмыс жылы ішінде немесе келесі жұмыс жылында кез келген уақытта беріледі. Сонымен қатар еңбек демалысының қалған бөлігін келесі жұмыс жылының жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына қосып алуға да болады.

Егер қызметкер қайта еңбек демалысына шыққысы келмеген жағдайда пайдаланылмаған бөлігінің күндерін отамақпен алмастыруға болады.

Ескеретіні, жұмыс орны 18 жасқа толмаған жұмыскерді, жүктілігі туралы анықтаманы жұмыс берушіге берген жүкті өйелдерді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысынан кері шақыртып алуына рұқсат етілмейді.

Дана МЫРЗАҚАДІР.

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНДА

ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ - ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА



9 шілде күні «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжін, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Бұржанат Шерімов және Еркебұлан Елубаев Полтавка ауылында кентілік жолдарды орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Бас мердігер - «Магистраль СК» ЖШС, техникалық қадағалау - «Стройсервис КНҚ» ЖШС. Жұмыстар мамыр айында басталып, жобаға сәйкес жүргізілуде. Қазір мердігер қиыршық тастар тасып, тегістеп жатыр. Жөндеу жұмыстары қыркүйек айында аяқтау жоспарланған.

ЖАСТАР ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



Жас қазақстандықтар үшін бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс орналасудың бірегей мүмкіндіктері жасалды. Енді GPA 3,33 көрсеткішімен мемлекеттік грант есебінен оқуын аяқтаған жоғары оқу орындарының түлектері конкурстық іріктеуісі және тестілеуісі аудандық және селолық деңгейдегі мемлекеттік лауазымдарға орналаса алады.

Мысалы, ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың өкімі мен месліхаты аппараттарының лауазымына;

- ауданның және облыстық маңызы бар қаланың атқарушы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі тарапынан мемлекеттік қызметке іріктеу тәртібі жүйелі негізде жетілдіруде, мемлекеттік қызметке жас мамандарды тарту үшін бірқатар заңдар қабылданды. «Б» корпусының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары өзгерілді. Қалалық, аудандық атқарушы органның бас маманы лауазымынан басшы лауазымына дейін орналасу үшін орта білімнен кейінгі немесе техникалық, кәсіптік білімі бар азаматтар жіберіледі.

органының басшы емес лауазымына;
- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімі аппаратының басшы емес лауазымына;
- орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің және оның ведомствосының басшы емес лауазымына орналаса алады.

Біздің облыста Манах Қозыбаев атындағы университеттің 8 түлегі конкурстан тыс тағайындалды.

Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі шеңберінде дарынды жастарды тарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Мектепке қатысушылар - жоғары және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері. Қазіргі уақытта, 28 студент Академия филиалдарында дайындық бағдарламасынан, мемлекеттік органдарда өндірістік практикадан өтті. Сөйтіп, осы санаттағы жастар Таланттар пулына еніп және кәсіби дайындықтан өтіп, мемлекеттік қызметке келеді.

1 шілденен бастап облыста мемлекеттік қызметке іріктеу жаңа пилоттық жоба бойынша іске асырылды. Бірқатар облыстар мен мемлекеттік органдарда бұл пилоттық жоба сынақтан өтті.

Жаңа формат үміткерлерге конкурстың барлық кезеңдеріне, жоспарланған уақытта және елдің кез келген жерінен қатысуға мүмкіндік береді.

«Е-қызмет» ақпараттық жүйесі кандидат туралы ақпаратты дербес алады, тексереді. Үміткерлерге ID

нөмірлері беріледі. Үміткерлер 4 нормативтік құқықтық акті бойынша тестілеуден өтеді - бұл Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жеңқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары және Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі.

Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу сияқты жаңа бағалау құралы енгізілді. Өңімелесу аяқталған күні жүйе ең көп бал жинаған конкурс жеңімпазын автоматты түрде анықтайды.

Мемлекеттік қызметте жүргізілген реформалардың арқасында жастар мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалуға мүмкіндік алды, ал конкурстық рәсімдер жеңілдетілді.

Біз университет, колледж студенттерін конкурстарға қатысып, мемлекеттік қызметшілер болуға шақырамыз!

Мемлекеттік қызметке түсу мәселесі бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының: 8 (7152) 46-58-08 телефонына хабарласуға болады.

Гүлнара ЖУСАЛИНА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖОЛ-ҚӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

Есепті полиция қызметкерлері ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің ақпараттық жүйесіне енгізілген электрондық ақпараттық есепке алу құжаттары негізінде жүргізеді.

Есепті деректерге сәйкес 2024 жылдың 5 айы ішінде облыс аумағында 146 ЖКО тіркелген, жалпы 222 адам зардап шеккен, соның ішінде қайтыс болған 16 адам және дене жарақаттарын алған 206 адам.

Дене жарақаттарын алған адамдардың арасында ер адамдар саны 111 және әйел адамдардың саны 95, соның ішінде көмелетке толмаған 41 адам бар.

12 ер адам және 4 әйел адам қайтыс болған, оның ішінде көмелетке толмаған 1 бала бар.

ЖКО 70% астамы елде мекендерде жасалған, соның ішінде 60% облыс орталығының аумағында жасалған (87 ЖКО), 104 жарақат алған және 3 қайтыс болған).

Жүргізушілердің кінәсінен 89% ЖКО жасалған, солардың жартысы жеңіл автокөлік жүргізушілерінің қатесінен болып отыр.

Ағымдағы жылы ЖКО айтарлықтай өсуі тіркелген (146 қарсы 99) және оқиғада

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының (бұдан әрі – ҚР БП) №131 бұйрығы негізінде 2015 жылдан бері адамдардың жарақаттануларына немесе қаза болуларына әкелген жол көлік оқиғаларының (бұдан әрі – ЖКО) есебін жүргізеді.

зардап шеккен адамдар (222 қарсы жылмен салыстырғанда 158).

Негізгі себеп Жол көлік оқиғалары қағидаларының талаптарын өрешкелі бұзуға жол беретін жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер.

ҚР БП 12.06.2024 жылғы бұйрығымен жолдағы жағдайлардың толық бейнесі көру үшін есепті деректердің есебін жүргізу және есепті қалыптастыру бойынша өзгерістер енгізілді.

Мысалы, бұрынғы ЖКО фактілер бойынша ғана жүргізілетін, бұл жерде зардап шеккен адамдардың денсаулықтарына келтірілген зиянды анықтайтын, енді есеп жүргізуге барлық фактілер кіреді, бұл жерде ЖКО зардап шеккен адам дене жарақатының алуына қарамастан медициналық мекемеге жүгінеді.

ЖКО және соның салдарынан зардап шеккен адамдар туралы есепті деректердің нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында және уәкілетті органдармен әрі қарай

өзара іс-қимыл жасау үшін ҚР БП ҚСЖАЕ комитетінің департаменті 2024 жылғы 24 маусымда аталған есепті жүргізу бойынша жоғарыда аталған өзгерістер енгізу және орын алған проблемалық сұрақтар тақырыбына «Дөңгелек үстел» өткізді.

Іс-шара жемісті өтті, берілген сұрақтарға іс-шара бастамашылары жеткілікті түсініктемелер берді.

Полиция, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының және денсаулық сақтау ұйымдарының арасында ЖКО нәтижесінде медициналық көмекке жүгінген адамдар туралы мәліметтер беру бойынша қызмет жасау туралы Меморандум жасалды.

Нақты статистикалық деректер ЖКО жасау себептері мен жағдайларын сапалы талдау жүргізу негізі болып табылады.

2023 жылдың соңынан бері облыс аумағында ЖКО себептерін зерделеу, сондай-ақ жоққа қауіпсіздігіне дейін артыруға бағытталған шаралар мен ұсыныстарды



әзірлеу үшін ведомстволарлық жұмыс тобы құрылды.

Жол қозғалысы қағидасын қатаң сақтағанда ғана жол қауіпсіздігінен жүргізушілерді және жаяу жүргіншілерді сақтайды.

ҚР Бас прокураторы СҚО Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

«ЕҢБЕК ШАРТЫ: ҚЫЗМЕТКЕР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ»

ҚР Конституциясында еркіннің еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да бір кемсітушіліксіз және мәжбүрлеуісіз еркін келісуіне құқығы, өзінің еңбекке қабілеттілігіне билік өтуге, кәсіп және қызмет түрін таңдауға құқығы бар делінген.

Еңбек нарығы жағдайында еңбекті еркін таңдау әрбір азаматқа (жеке тұлғаға) кәсіпті және тиісті жұмысты еркін ерікті түрде таңдаған кезде еңбек шарты негізінде еңбек өту құқығын іске асыруға мүмкіндік береді.

Еңбек шарты - бұл жұмыс берушіге өзінің мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өзіне қажетті жұмысшыларды еркін іріктеуге мүмкіндік беретін заңды нысан. Демек, еңбек шартында еңбек еркіндігі және еңбек қатынастарын реттеудің шарттық қағидаты тараптарға еңбек нарығындағы жеке мүдделеріне сүйене отырып, бір-бірін еркін және ерікті түрде таңдауға мүмкіндік береді. Бұл еңбек шартының маңызды әлеуметтік және экономикалық рөлін көрсетеді, алайда оның мән-мағынасы тереңірек.

Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау кезінде қызметкермен белгіленген тәртіппен еңбек шартын жасауға, жұмысқа қабылдау кезінде еңбек шартын жасау үшін қажетті құжаттарды талап өтуге, қызметкерге еңбек шартында келісілген жұмысты ұсынуға міндетті.

Еңбек шартының талаптарына байланысты жұмыс берушінің міндеттеріне жұмыс уақытының, оның ішінде зиянды (ерекше зиянды), қауіпті еңбек жағдайларында, ауыр жұмыстардағы әрбір жұмысшы орындайтын үстеме жұмыстардың нақты есебін жүргізу; жұмыскерге еңбек заңнамасымен, еңбек және ұжымдық шарттармен, жұмыс берушілердің актілерімен көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақытылы және толық мөлшерде төлеу; қызметкерлерді өз қаражаты есебінен еңбек міндеттерін орындау үшін қажетті

Еңбек қатынастары қоғамдық қатынастар ретінде ҚР еңбек заңнамасымен реттеледі. Өзін-өзі құрметтейтін әрбір азамат өзінің еңбек құқықтарын пайдалана білуі және өз міндеттерін түсінуі тиіс, сондай-ақ, еңбек қатынастары туындаған кезде қандай кепілдіктерге ие екенін және қандай өтемақы алуға құқылы екенін білуі керек.



жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және өзге де құралдармен қамтамасыз ету; қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру татады.

Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге байланысты міндеттері ерекше топты құрайды. Атап айтқанда, жұмыс беруші қызметкерге зиянды (аса зиянды) және қауіпті еңбек жағдайлары мен кәсіптік ауру мүмкіндігі туралы ескертуге, жұмыс орындарында және технологиялық процестерде тәуекелдердің алдын алу бойынша

шаралар қабылдауға; өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып, профилактикалық жұмыстар жүргізуге; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға; егер ол қызметкердің және өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін болса, жұмысты тоқтата тұруға; ұйымдардағы қауіпсіздік жағдайына, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуына тексеру жүргізу үшін, сондай-ақ өндірістігі жаза-

таым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды төргеп-төксеру үшін, сондай-ақ, өндірістігі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды төргей үшін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын, жұмыскерлердің өкілдерін, еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторларды кедергісіз жіберуге; қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтуге міндетті.

ҚР Еңбек кодексінде қызметкердің негізгі құқықтары айқындалған. Еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес негізгілерінің қатарына еңбек шартын жасау, өзгерту, толықтыру және бұзу құқығы, жұмыс берушіден еңбек шарттарының, ұжымдық шарттардың, келісімдердің, жұмыс берушінің актілерінің талаптарын орындауды талап өту; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және шынайы ақпарат алуға, еңбек шартында жалақыны уақтылы және толық көлемде төлеуге құқығы жатады.

Сонымен бірге, қызметкер еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға; еңбек тәртібін сақтауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістігі санитария жөніндегі талаптарды сақтауға; жұмыс беруші мен қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға; адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс берушінің және қызметкерлердің мүлкінің сақталуына, сондай-ақ бос тұрып қалуды туындауына қауіп төндіретін жағдайлардың туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауға міндетті.

Арман АСҚАРОВ,
СҚО бойынша мемлекеттік еңбек инспекторы.

ҚАЗАҚСТАНДА 11 ЖАСТАН БАСТАП ҚЫЗДАРҒА АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНА ЕҒУ БАСТАЛДЫ

Қазақстанда 11 жастағы қыздарға адам папилломавирусына қарсы екпе алуға болады. Олар оны ата-анасының жазбаша келісімімен жаңа оқу жылының басынан, яғни 2024 жылдың күзінен бастап еліміздің барлық мектептерінде толығымен тегін ала алады.

Жоғары онкогенді қауіпті адам папилломавирусы жатыр мойны обырының дамуының негізгі этиологиялық факторы болып табылады. Жатыр мойны обырының 97%-ында осы вируспен байланысты. Созылмалы вирус тасымалдау белгілі бір жағдайларда жатыр мойны обырының дамуына өкелуі мүмкін.

Бүгінгі таңда жатыр мойны обыры дамушы елдердегі әйелдер арасында жиі кездесетін қатерлі ісіктердің бірі болып табылады.

Тек Алматының өзінде 2023 жылы әйелдерде жатыр мойны обырына шалдыққан 223 жағдай анықталса, Алматы онкологиялық диспансерінде барлығы 2522 әйел осы аурумен есепте тұр.

Жатыр мойны обырының өзі симптомсыз болуы мүмкін немесе жыныс жолдарынан қандай да бір қалыпты емес бөліністерге, іштің төменгі бөлігіндегі және бел аймағындағы ауырсынуға шағымдар болуы мүмкін.

Алматы онкологиялық диспансерінің онкология бөлімінің меңгерушісі Райхан Болатбекова жатыр мойны обыры – толықтай алдын алуға болатын бірден-бір қатерлі ісік екенін атап өтті!

Сондықтан онколог адам папилломавирусына қарсы вакцинациялауды ұсынады.

– Жаппай екпе алатын тұрғындардың негізгі бөлігі – 11 жастағы жасөспірім қыздар. Бұл жас 11-12 жаста жыныстық белсенділіктің басталу жағдайлары болғандықтан, қыздарды жыныстық белсенділікке дейін жаппай егу мақсатында таңдалды. АҚШ-та жүргізілген зерттеулер 10 жастағы жасөспірімдердің 2% жыныстық өмірді 10-11 жаста бастағанын көрсетті.

Ең дұрысы, әйелдер жыныстық белсенділікке кіріспес бұрын вакцинаны алуы керек. ДДҰ вакцинаны 26 жасқа дейін алуды ұсынады, ал АҚШ вакцинаны 45 жасқа дейін алуды ұсынады. Бұл жыныстық белсенді әйелдер де HPV вакцинасынан пайда көре алатынын білдіреді, бірақ бұл вакцина жыныстық белсенді болғанға дейінгі қарағанда азырақ пайда әкеледі. Себебі олар HPV вирусының бір немесе бірнеше түріне әлдеқашан ұшыраған болуы мүмкін. Дегенмен, жыныстық белсенді және әйелдер аздаған вакцинамен алдын алуға болатын HPV түрлерін жұқтырған, сондықтан жас әйелдердің көпшілігі вакцина алу арқылы қорғана алады.

Зерттеулер көрсеткендей, вакцинадан қорғау ұзаққа созылады. Сондай-ақ, вакциналардың иммуногенділігі вакцина енгізілгеннен кейін 10 жыл ішінде төмендемеген.

ДДҰ бұл вакцинаны қауіпсіз және тиімді деп бекітті. Вакцинаны бүкіл әлем бойынша мыңдаған адамдар зерттеді және осы зерттеулердің нәтижесінде ешқандай елеулі жаңа әсерлер табылмады. Ең жиі кездесетін жаңа әсерлер инфекция орнындағы қызару, безгегі, бас айналу және жүрек айнуы болды.

Жатыр мойны обырының тұрақты скринингі (PAP және HPV тестілері) және қақылау жатыр мойны обырының көптеген жағдайларының алдын алатыны анық. Дамыған елдердегі табысты скринингтік бағдарламалар жатыр мойны обырынан болатын сырқаттанушылық пен өлімді екі еседен астамға азайтты.

Қазақстан Республикасында жатыр мойны обыры ерте анықтау бойынша Ұлттық скринингтік бағдарлама жүргізілуде. 30-70 жас аралығындағы әрбір әйел өз емханасында жатыр мойны обырына тегін скринингтен өте алады.

Ігілік ШОНТАЕВ,

Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ҰНДЫ ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ – ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ПАЙДАЛЫ

Ұнды фортификациялау – темір тапшылығы анемиясының алдын алудың тиімді және қолжетімді шарасы. Заманауи денсаулық сақтауың маңызды проблемаларының ішінде темір тапшылығы анемиясы бірінші орындардың бірі болып табылады. Түрлі басылымдардың мәліметінше, әлемде 3 миллиардтан астам адам анемиядан зардап шегеді.



Тыныс алу процесі кез келген адам үшін маңызды. Қандағы оттегіні тасымалдайтын жалғыз зат – гемоглобин. Толық гемоглобинді қалыптастыру үшін денеге тамақпен бірге түсетін темір қажет. Темір жетіспесе, гемоглобин деңгейі төмендейді, яғни дене жасушаларына аз оттегі жетеді, темір тапшылығы анемиясы (одан әрі - ТТА) пайда болады.

Темір тапшылығы анемиясы ДДҰ сарапшылары жоғары ана, нәресте және жалпы өлміз-жітімге өкелетін жетекші қауіп факторларының бірі ретінде, сондай-ақ аурудың жаһандық ауыртпалығының қауіп-қатерінің алғашқы ондығына кіреді.

Темір тапшылығы анемияның белгілерін атайық: жалпы әлсіздік, шаршағыштық, тіпті аз физикалық белсенділік, бас ауруы, тері, ерін, шырышты қабықтардың бозаруы, табетінің төмендеуі, дәмнің бұзылуы.

Анемияның алдын алудың үш негізгі жолы бар: фармакологиялық, рационалды тамақтану және негізгі тағамдарды темір қосылыстарымен және витаминдер кешенімен байыту.

ТТА алдын алудың ең

қарапайым, ең арзан және қол жетімді әдісі үшінші әдіс болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы тамақ өнімдерін байыту тәртібін реттейді. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің нормасы Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын жоғары және бірінші сортты бидай ұнын құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен және басқа заттар.

Бидай ұны фортификаттау үшін кездейсоқ таңдалмаған. Ұн – дәрумендер мен темірдің ең қарапайым, арзан және қолжетімді көзі. Байыту процесі ұнның дәмін, түсін, иісін өзгертпейді, пісіру сапасы қалыпты болып қалады. Байылған ұнды тұтыну қауіпсіз.

Ұнды фортификациялау бидайды үгу кезінде құнды заттарды толтырады, сондықтан мұндай ұнды қолдануға қарсы көрсетілмеген жоқ.

Күлсара ӘЛЖАНОВА, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

АИТВ-ҒА ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТУ. ҚІМ ЖӘНЕ ҚАШАН АИТВ-ҒА ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТЕДІ?

Қазақстан Республикасы азаматтары және оралмандар ерікті жасырынды және (немесе) құпиялы тексеруге және АИТВ-инфекциясы сұрақтары бойынша ақысыз түрде кеңес алуға құқылы.



АИТВ-инфекциясына клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштері бар адамдар.

Тексерудің клиникалық көрсеткіштері дегеніміз не?

Мүмкін АИТВ инфекциясын жұқтырған деген немесе имун тапшылығы бар деген ойына апаратын, оппортунистік деп аталатын аурулар, сондай ақ синдромдар және симптомдар қатары бар. Бұл аурулар АИТВ инфекциясының диагнозының жоқ немесе бар екенін, міндетті түрде тексерілуінің клиникалық көрсеткіштері болып табылады.

Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша тексеруге жататын:

- АИТВ-жұқтырғандармен немесе ЖИТС-пен ауыратындармен жыныстық қатынаста болғандар
- инфекциялық есірткіні бірігіп қолданғандармен қатынаста болғандар;

- есірткіні инъекциялық қолданғандар наркологиялық қызметке тіркелуі қойған кезде және өр 6 ай сайын;

- орынсыз жыныстық қатынасқа түсетіндер, оның ішінде секс қызметкерлері және ерекпен жыныстық қатынасқа түсетін еркектер;

- тереуі изоляторларға түскендер, қабылдағыштаратқышқа, түзету мекемелеріне түскен кезде, түскеннен кейін 6 айдан соң, сондай-ақ босап шығардың алдында. Одан басқа олар мекемеге келген кезеңде еріктері бойынша тексеріле алады;
- АИТВ-жұқтырған және ЖИТС-н ауыратын аналардан туған балалар;

- қызметтік міндеттерін орындау барысында аспаптық жағдайлардың кесірінен зардап шеккендер, АИТВ-мен кәсіби қатынаста болғандар немесе осындай қатынастың жоғарғы ықтималдығы (жедел жәрдем, төтеңше жағдайлар, полиция қызметкерлері және т.с.с.), сексуалдық зорлыққа тап болғандар - медициналық тексеруге бағытталған сәтте және өрі қарай 1 және 3 айдан кейін өтеді;
- медициналық қызметкерлер, АИТВ-инфицирленген материалдармен жұмыс істейтін қызметке кіріскен сәтте және өрі қарай жылына 1 рет;
- ескери қызметке шақырылушылар, контракт бойынша қызмет атқаратындар, ескери оқу орындарының абитуриенттері;
- жүкті әйелдер, жүктілігін сақтауға шешкен әйелдер міндетті түрде 2 рет тексерілуден өтеді:

- 1) әк тіркеуге тұру кезінде;
- 2) жүктіліктің 28-30 апта мерзімінде;

- сондай ақ жүктілігін үзуді қалаған әйелдерде АИТВ-ға міндетті түрде тексеріледі.

АИТВ-инфекциясының бар немесе жоқ екенін

тек зертханалық талдау тапсыру арқылы ғана білуге болады, яғни АИТВ-на тестілеу өту арқылы. Бұл үшін тек Сіздің тестілеуден өту шешіміңіз қажет.

Қанның зерттелуі ЖИТС орталығының зертханасында имун-ферментті талдау әдісімен жүргізіледі (ИФТ). Қанды алу процедурасы ауыртпалықсыз және қауіпсіз.

Тексерілуіңіз қорытындысы тексерілген адамға жеке тестілеуден кейінгі психологеметтік кеңес барысында хабарланады. Телефон арқылы талдау қорытындылары берілмейді.

Егер тексерілуіңіз қорытындысында АИТВ-ға антидене табылмаса, онда, тест қорытындысы – теріс, яғни адам жұқтырмаған, дени сау. Егер тексерілуіңіз қорытындысында АИТВ-ға антидене табылса, онда, тест қорытындысы – оң, яғни адамда АИТВ-инфекциясы бар.

АИТВ-ға антидененің бар болу қорытындысы, АИТВ-ны жұқтырғанына сәйкес, қайта қадағалау үшін жіберілген талдауды, тек Республикалық ЖИТС орталығы зертханасы (Алматы қаласы) береді. Оң қорытынды болған жағдайда білікті медициналық көмек үшін бірден ЖИТС орталығының дәрігер-инфекционистіне жүгіну керек. ЖИТС орталығы дәрігері тексерілуіңіз АИТВ-инфекциясының оң қорытындысы туралы жазба түрінде хабарлап, өз денсаулығын қорғауды және маңайындағылардың денсаулығын қорғауға бағытталған, сақтану шараларын сақтау қажеттіліктерін, сондай ақ өкімшілікті және қылмыстық жауапкершіліктерін, емделуден жалтару және басқа адамдарға жұқтыру туралы ескертуді. Оны диспансерлеу және емдеудің қажеттілігі сұрақтары шешіледі.

Зерттеу қорытындысының тағы бір варианты, сирек кездесетін - күмәнді. Бұл екі жағдайда болуы мүмкін: адам АИТВ-ны жақында жұқтырса және қарапайым тест-системалармен антидене концентрациясын анықтау үшін жеткіліксіз, немесе АИТВ жоқ болған кезде, бірақ алмасу немесе аутоиммунды сипатты - басқа созылмалы аурулар бар. Күмәнді тексеру қорытындысы болған кезде 1-3 айда қайталайды.

Қазіргі уақытта экспресс-тестілеу немесе АИТВ-ға антидене бар жоқтығын жылдам анықтайтын әдіс бар. Аталған тестілеуде саусақтың терісін арнайы ине-тұтамен ауыртпай теседі. Капиллярлық қан тамшысы тест-жолға ағызылады, 20 минут ішінде қорытындыны көрсетеді. Бірақ айта кететін, экспресс тестілеудің қорытындылары міндетті түрде ИФТ әдісі арқылы расталуы қажет.

Анықтама-сертификаттың берілуі

АИТВ-инфекциясына тестілеуді ЖИТС орталығында мына мекен-жайда өтуге болады: 2-я Кирпичная көшесі, 6/1, сағат 08.00-ден 18.00-ге дейін (үзіліс 13.00-14.00, демалыс: сенбі, жексенбі) немесе кез-келген қаладағы басқа медициналық мекемеде тапсыруға болады.

М. ШАМУРАТ,

облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығының инфекционист дәрігері.

ХАБАРЛАМА

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 260 қаулысымен бекітілген енгізілген өзгерістерімен «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы» 2021 жылғы 6 мамырда № 117 қаулы қабылданды (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 11 мамырдағы № 7415 болып тіркелген).

Аталған қаулыда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының саялау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарымен:

- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкіміне «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Бастомар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақта ақпараттық стендтер белгіленді;
- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бұлаев қаласының әкіміне «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің Халық өнерпазды шығармашылығын және бос уақыты ұйымдастыру қызметі орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының ғимаратына іргелес аумақта ақпараттық стендтер белгіленді;
- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің

әкіміне «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Бастомар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақта ақпараттық стендтер белгіленді;

- Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бұлаев қаласының әкіміне «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің Халық өнерпазды шығармашылығын және бос уақыты ұйымдастыру қызметі орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының ғимаратына іргелес аумақта ақпараттық стендтер белгіленді.

13 ШІЛДЕ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫНЫҢ КҮНІ

ОТАН АЛДЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ БОРЫШ - ЕҢ ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы 15 мың шақырымнан асады, оның 12 мың шақырымы құрлықпен, 3 мың шақырымнан артығы Каспий және Арал теңіздерінен өтеді. Ал, Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара құрлықтағы ең ұзын шекара болып саналады, оның жалпы ұзындығы – 7591 шақырым.



Біздің отанамыз еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, тұлға мен қоғамның қауіпсіздігін, конституциялық құрылысын, мемлекет егемендігін, аумақтық тұтастықты, экономикалық, ғылыми-техникалық және елдің қорғаныс өлеуетін қамтамасыз ететін органдары жұмыс істейтін біз бақытты халықпыз.

Осыдан 32 жыл бұрын, 1992 жылғы 13 шілдеде, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылған болатын. Қауіпсіздік органдарының тарихы тереңде жатыр. Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы, одан кейінгі жылдардағы барлау және

қарсы барлау операцияларындағы ардагерлеріміздің ерен ерлігі мен кесіби шеберлігі осының куәсі. Бүгінгі біздің сөз еткелі отырған кейіпкеріміз шекарашы - Бағлан Бауыржанұлы жайлы болмақ.

Бағлан Бекқадамов 2001 жылы 11 шілде күні Қызылорда облысы Байқоңыр қаласында дүниеге келген. 2008-2019 жылдары Байқоңыр қаласындағы М.К. Янгель атындағы №7 мектепте білім алады.

2019-2021 жылдары аралығында елордада «Көлік және коммуникация» жоғары колледжінде оқып, оны қызыл дипломға аяқтайды. 2022 жылы Бағлан Бауыржанұлы Семей қаласында «Ракета және артиллерия» бөлімінде жүргізуші маман болып, Отан алдындағы борышын атқарады. 2023 жылдың 4 желтоқсан айында Бағлан Бауыржанұлы Мағжан Жұмабаев ауданы, Қарақоға ауылында орналасқан шекаралық заставка жұмысқа орналасып, қазіргі таңда абыройлы қызмет атқарып келеді.

- Ие, әскерилер қай уақытта да құрметті мамандық иелері саналады. Әсіресе, шекарашылар бейбіт күннің өзінде де шекарамыздың тыныштығын сақтап, елімізді қорғаудан жалықпайды. Менің шекарашы болуымның басты мақсаты – өзімнің елімді қорғап, халқыма адал қызмет атқарып, жеріміздің тыныштығын қырағыдай қорғау, – дейді Бағлан Бекқадамов.

Ендеше, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барша қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтай отырып, Сіздерге мықты денсаулық, қажымас қайрат пен күш-жігер тілейміз!

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

13 шілде - елімізде Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері кесіби мерекесін атап өтеді. 1992 жылдың 13 шілдесінде бұрынғы Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) құрылған болатын. Дәл сол сәттен бастап жаңа дербес отандық арнайы қызметтің тарихы бастау алып, өртүрлі кезеңдері бастап өткерді. Егемен ел болған жас мемлекетіміздің толықтай қалыптасып, одан әрі қарыштай дамуының маңызды да басты алғышарты – тұрақтылық пен қауіпсіздік.

ҚЫЗМЕТІ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚҰНАНБАЙ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының бірыңғай жүйесін - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, ҰҚК-нің облыстар бойынша, республикалық маңыдағы қала мен елордадағы аймақтық органдары, оларға бағынышты қалалық және аудандық басқармалар (бөлімдер, бөлімшелер), сондай-ақ әскери контрбарлау, ҰҚК-нің Барлау қызметі, ҰҚК-нің Шекара қызметі, арнайы мақсаттағы құрылымдар, ғылыми-зерттеу мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Бүгін біз ҰҚК-нің Шекара қызметінде абыройлы еңбек етіп, ел шебінде жүрген қырағы шекарашыларға тоқталуды жөн көріп отырмыз. Мемлекеттік шекараның беріктігі – елдіктің басты белгілерінің бірі. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап еліміздің тыныштығы мен шекарасының қауіпсіздігін қырағылықпен, жоғары жауапкершілікпен күзетіп келе жатқан шекарашылардың еңбегі зор. Солардың қатарына «Қасқат» шекара бөлімшесіндегі қызметтік иттің аға нұсқаушысы, кіші сержант - Құнанбай Мырзабаев.

Құнанбай Мейрамулының шекарашы мамандығын таңдауы бекер емес, өйткені ол 1995 жылы 18 маусымда Құралай ауылында дүниеге келген. Аталған ауыл Ресеймен шекаралас жатқан елді мекен. Сондықтан кейіпкеріміз жастайынан шекарашыларды жиі көріп, олардың әскери кәлігіне, атпен жүруіне және арнайы киінген киімдеріне қызығып өр жетеді. Ауылдағы Құралай орта мектебін тәмамдап, ол Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан кесіби-педагогикалық колледжіне оқуға түседі.

2014 жылы қолына диплом алған жас жігіт әскери борышын өтеуге асығып, Алматы қаласында орналасқан Ұлттық Ұланның № 5571 әскери бөліміне түседі. Құнанбай Мырзабаев 2014-2015 жылдары әскер қатарында мерген лауазымын атқарды.

Ауылына аман-есен оралған жас сарбаз қол қусырып жай отырмады, жел келген жұмысты атқарып, өзінің орындаушылық қабілетімен



ерекшеленді.

2021 жылы ақпан айынан бастап Қ.М. Мырзабаев келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданып, қазір «Қасқат» шекара бөлімшесіне қызметтік иттің аға нұсқаушысы лауазымына тағайындалды. «Өзін жақсы жағынан көрсетіп, қойылған тапсырмаларды мүлтіксіз орындайды», - деп басылық құрам ардаймын айтып отырады.

Бүгіндері үйленіп, үйлі болған Құнанбай Мейрамулы жұбайымен бірге 2 бала тәрбиелеп отыр. Әскери қызмет оңай емес, әсіресе, жас отбасына қиындау түседі. Дегенмен, табандылық танытып, алға мақсат қоя білетін жастар ешбір қиындыққа мойымай, ардаймын қызметін абыройлы әрі адал атқарады.

Сөз соңында Мемлекеттік қауіпсіздік саласында абыройлы қызмет етіп жүрген барша ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, жұмыстарына толағай табыс тілейміз!

Қуаныш ЕЛЕМС,
«Қасқат» шекара бөлімшесі
бастығының орынбасары, лейтенант.

МЕРЕКЕ МӨЗЕТІ

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ҚАЗАҚ ЕМЕС, НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ДОМБЫРА



Қазақ халқының төл өнері жайлы сөз қозғалғанда, ең алдымен дөңбыра еске түседі. Дөңбыра – қазақ халқының асыл қазынасы. Өзек ішектің қара дөңбыратының үнінде Елші даланың татырлы терекі тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Дөңбыра әр өңірде жергілікті халықтың тұрғындалық, салт-дәстүрліне, ән-жыр, күн мәртебесі мен өнерпаздардың еркіндігіне лайық әуендерді іскерлікпен байланысты әртүрлі пішінде дамып, өлгеріп отырған.

Қазақстанда 2018 жылдан бері Ұлттық дөңбыра күні тойланып келеді. Мереке жыл сайын шілденің алғашқы жексенбісінде аталып өтеді. Осыған орай, 7 шілде күні Булаев қаласының «Достық» саябағында «Ұлттық мұра - дөңбыра» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Бұл күні күмбірлеген дөңбыра үні мен мың бұралған бишілер, бұлбұл дауысты әншілер өнер көрсетіп, халықтың ыстық ықыласына бөленсе, бұлдіріндерге арналған қызықты ойындар ұйымдастырылып, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Айта кету керек, мереке күні аудандық кітапхана қызықты кітаптар көрмесін жасап, халыққа ұсынса, «Алтын ұрпақ» орталығы балалардың салған суреттерін ортаға салды. Ал «Аманат» әжелер тобы да дөңбырамен өн салып, жұртшылықтың назарын өзіне аударды. Ұлттық нақышта киініп, қазақи өуенмен халықты баурап

алатын өнерпаздар мерекенің сөнін келтірді. Осылайша, мағжандықтар тамаша мерекенің куәсі болып, кешке дейін уақыттарын қызықты әрі пайдалы өткізді. Мерекелік сауда да қызып, тұрғындарға әртүрлі тәтті тағамдар мен сусындар ұсынылды.

Дөңбыра – халықтың қайғы мен мұңын, қуаныш пен шаттығын жеткізген сенімді серігі. Ұрпақтан-ұрпаққа бабалардың үнін жеткізіп, Ұлы Даланың сазды сарынын жырлаған да дөңбыра. Жоралы жұртымыздың қатпар-қатпар тарихынан, асу да асу көзеңінен сыр шерткен құл-толағу, сынғырлы сұлу өн-өуен күлағамыздан кетпесін, халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – Дөңбыра төрімізден түспесін!

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ,
суреттерді түсірген автор.

ҮШҚЫЗЫЛДЫҚТАР АТА-БАБА РУХЫНА ҚҰРАН БАҒЫШТАП, АС БЕРДІ



